

**С .Ж.Асфендияров атындағы
Қазақ Ұлттық Медицина
Университеті**



**Казахский Национальный
Медицинский Университет
им. С.Д.Асфендиярова**

**Тақырыбы: Адам денсаулығына қауіп-қатерлер
және экологиялық қауіп-қатерлер.**

Орындаған: Сеилхас К

Курс: 4

Факультет : ОЗ-001-02

Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
 - Адам денсаулығына қауіп-қатердің әсері
 - **Адам денсаулығының басты көрсеткіші**
 - **экологиялық қауіп-қатерлер**
- Қорытынды

Адамның денсаулығына қоршаған табиғи орта жағдайларының әсері зор. Адамға дем алатын ауаның, күнделікті пайдаланатын ауыз судың, тағамның таза болуынын маңызы ерекше. Адамның мұқият ойланбай жасаған кейбір іс әрекеттері денсаулығына зиянды. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан орта жағдайларының зиянды өзгерістері адам денсаулығына кері әсер етеді. Әсіресе, бұл жағдай Қазақстанда ерекше байқалуда. Мысалы, [Арал теңізінің](#) тартылуы, [ядролық сынақтардың](#) жүргізілуі және т. б. атауға болады.



Адам денсаулығына өмір сүру салтын дұрыс ұстануы да әсер етеді. Темекі тарту, ішімдікті пайдалану, дұрыс тамақтанбау және т.б. жағдайлардан адам денсаулығы бұзылады. Кейде еңбек етудің қолайсыздығы, тұрмыстық жағдайлардың нашарлауы денсаулыққа кері әсер етеді. Салауатты өмір сүру салтын дұрыс ұйымдастыра білмеу, медициналық жәрдемнің дұрыс көрсетілмеуі де әсерін тигізеді.



Адам денсаулығының басты үш көрсеткіші бар. Олар: *біріншіден* - адам ағзасының орта жағдайларына бейімделуінің жоғары дәрежеде болуы. Ол ағзадағы барлық мүшелер жүйесінің бірімен-бірінің үйлесімді жұмыс атқаруы арқылы байқалады. *Екіншіден* - адамның психикалық көңіл күйінің калыпты дамуы арқылы айқындалады, ойлау, есте сақтау, зейін, дарындылық және т. б. қабілеттіліктерді қоғамның қажетіне жұмсай білу. *Үшіншіден* - жеке тұлғаның қоғамдағы өз орнын білуімен, жауапкершілігін сезінумен айқындалады. Бұл адамдардың бірімен-бірінің қарым-қатынасы арқылы білінеді.

Дүниежүзілік денсаулық ұйымының шешімімен 7 сәуір «Бүкіләлемдік денсаулық сақтау күні» деп белгіленген. Біздің елімізде де адамдардың денсаулығын сақтауға ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы қаулысымен «Салауатты өмір салтын қалыптастырудың Ұлттық орталығы» ұйымдастырылды

Экологияның ластануы



Экологиялық жағдай қазіргі уақыттағы күрделі мәселенің бірі болып отыр. Ол біздің елімізде де, әсіресе индустриялы, дамыған орталықтар да, соның ішінде ауыл шаруашылық аймақтарында да өткір түрде қойылуда. Табиғи қорларды тиімді пайдалануда, қалаларды, елді мекендерді көгалдандыруда, ұлттық парктер, көгалды аймақтар жасауда көптеген шаралар іске асырылса да, айналадағы ортаны қорғаудағы жауапсыздық, болашақты ескермеушілік орын алып отыр.

Ауаның, судың, жердің ластануы салдарынан адамдардың өміріне және олардың өмір сүру ортасына зор қауіп төніп келеді. Көптеген индустриялы аудандарда айналадағы ортаның ластануы қажетті нормалардан асып түскен. Қазіргі уақытта табиғат және биологиялық орта тұтас алғанда

Ауаға шығатын улы заттардың концентрациясы (ауыр металдар, шаң-тозаң, күкірт тотығы, көмірқышқыл газы және т.б.) белгіленген мөлшерден он есе артық. Ең ауыр жағдай [Тараз](#), [Теміртау](#), [Алматы](#), [Шымкент](#), [Балқаш](#), [Риддер](#), [Өскемен](#) және басқа да қалаларда қалыптасқан. Осы қалаларда лас заттардың концентрациясы жыл бойынша белгіленген мөлшерден 5-10 есе артады. Ауа кеңістігінің ластануы пайдалы қазбалар өндіретін аудандарда да байқалады. Атмосфераның ластануы Байқоңыр космодромында ғарыш кемелерін ұшыру кезінде де байқалады. Өнеркәсіпті аудандарда ауа кеңістігінің ластануымен қатар ластану сол жердегі су көздерін қамтиды. Сырдария өзені ағысының 35-40%-ы өндіріс орындарының қалдық суларынан тұрады. Өзен суында [дизентерия](#), [паратиф](#), [гепатит](#), сүзек ауруы қоздырғыштары мен өте қатерлі [тексахлоран](#) ДДТ кездеседі.

Арал теңізі экологиялық жағдайы

Бұл проблеманың тууына себепші болған - адам әрекеті. Ұзақ жылдар бойы Аралға құятын ірі өзендер Әмудария мен Сырдарияның суын теңізге жеткізбей, түгелдей дерлік егістіктерді (мақта, күріш) суландыруға пайдаланылып келді. Буланушылық дәрежесі жоғары болатын шөл зонасында орналасқан теңіз суының көбірек булануы оның тартылуына әкеп соқты. Қазіргі кезде Арал теңізі екі су айдынына Үлкен және Кіші теңізге бөлінген. Арал теңізіндегі суы тартылған бөліктің ауданы 30 мың км² жетеді. Ғалымдардың есептеуі бойынша, теңіз табанынан атмосфераға жылына 200 млн тоннаға дейін тұзды шаң-тозаң ұшады.



Судың ластануы



Экологиялық проблемаларды шешу жолдары.

- ▣ Жер шарындағы экологиялық жағдай күннен күнге шиеленісе түсуде. Бұрын соңды болмаған саяси әлеуметтік, экономикалық даму үрдістерінен өзіне ыңғайлы бағыттарын таңдап, тығырықтан шығу жолы іздестірілуде. Көптеген дамыған елдерде ауыл шаруашылығы өнімдерінің тазалығына сараптама жасау 1980 жылдан бастап ақ қолға алынған. Өйткені химиялық тыңайтқыш арқылы алынған өнімдер әлдеқайда арзан, ал таза өнімдердің бағасы жоғары болып келеді. Мұндай экономикалық сараптау адамдардың денсаулығына тигізетін әсеріне жасалған қорытынды деп түсіну керек.

Адам мен табиғат

арасындағы қайшылықты шешуді қоғам реттейді, оның қызметі –

адамдардың санасын тәрбиелеу және олардың өзін қоршаған

әлемді қорғауға бағытталған ынталы жігерін қолдау.

Қазіргі уақытта барған сайын көптеген елдер оны шешу үшін өздерінің күш-

жігерін біріктіре бастады. Ұзаққа

созылатын экологиялық

қауіпті жоюмен қатар, төтенше экологиялық

жағдайларда көмек көрсетілуде. Осының бәрі БҰҰ-

ның ұсынған “Жер біреу ғана!” деген ұранын жүзеге асыруды

қауымдастық мынадай жағдайды басшылыққа алады: экология

– адамдардың өндірістік және өндірістік емес іс-

әрекетін қалыпты экологиялық дамуды –

айналадағы ортаны

бүкіл адамзаттың және әрбір адамның

мүддесіне сай өзгертуді қамтамасыз ететіндей етіп

ұйымдастыру

